



Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығын және Балаларды оңалту орталығын қаржыландыруға қатысуға Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы заем туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 29 маусымдағы N 251

1998 жылғы 15 ақпанда жасалған Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығын және Балаларды оңалту орталығын қаржыландыруға қатысуға Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы заем туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы
Заим туралы Келісім

1. Сызғанов атындағы хирургия ғылыми орталығын
2. Балалар оңалту орталығын

Қаржыландыруға қатысу үшін

Сызғанов атындағы хирургия ғылыми орталығын және балаларды оңалту орталығын қаржыландыруға қатысуға Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы
Заем туралы Келісім

Осы Келісім 1998 жылдың 18 ақпанына сәйкес келетін Shawwal 1418 Н бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - "Заем алушы") мен Ислам даму Банкі (бұдан әрі - "Банк") арасында жасалды.

мыналарға байланысты,

(А) Заем алушы осы Келісімнің II қосымшасында көрсетілген Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының (1) және Балаларды сауықтыру орталығының (2) құнының бір бөлігін заем беру арқылы қаржыландыру туралы өтінішпен Банктің назарын аударғандықтан, бұдан әрі қарастырылғанындай;

(В) Банктің мақсаттарының бірі заем беру жолымен мүше елдерге тиімді жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыруға көмек көрсету болып табылады;

(С) Жоба техникалық зерттелген әрі экономикалық және қаржылық тұрғыдан негізделген болып есептеледі;

(D) банк бұдан әрі баяндалатын шарттар мен мерзімдер бойынша заем алушыға жоғарыда көрсетілген негізде заем беруге келіседі;

Сөйтіп, тараптар мыналар уағдаласты:

I Бап

Жалпы ережелер, айқындамалар

1.01-бөлім. Жалпы ережелер: Осы Келісімнің тараптары 1976 жылғы 8 қарашадағы Заемдар мен банк кепілдіктері туралы келісімге қолданылатын жалпы ережелерінің барлық қағидаларын (бұдан әрі "Жалпы ережелер") бұдан әрі олар осы Келісімде толық жазылғанындай күшін және әрекетін сақтаған күйінде қабылдайды.

1.02-бөлім. Айқындама: Осы Келісімде пайдаланылатын, жалпы ережелерде айқындалған кейбір терминдер, мазмұнынан өзгеше талап тумаса, осы Келісімде тиісті мағынасында болады, ал кейбір қосалқы терминдердің мынадай мағынасы бар:

(а) "Күшіне енетін уақыты" Банк Келісімді Банк пен Заем алушы арасындағы уағдаластыққа сәйкес күшіне енді деп жариялаған уақытты білдіреді.

(b) "Орындаушы Агенттік" Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығы мен Балаларды оңалту орталығы көмек ететін Денсаулық сақтау департаменті.

(с) "Жоба" және оның "бөліктері" осы Келісімнің II қосымшасында сипатталған жобаны және оның бөліктерін білдіреді.

II Бап

Заем

2.01-бөлім. Сомма: Банк Заем алушыға бес миллион жүз мың ислам динары (1D 5, 100, 000) эквивалентінен аспайтын соманы өзінің әдеттегі ресурстарынан беруге келіседі. Келісімнің 4 (1) (а)-Бабында айқындалған, Банк белгілеген ислам динары халықаралық валюта қорындағы қарыз берудің бір арнаулы құқығына бара-бар.

2.02-бөлім. Банк заем қаражаттарынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызмет көрсетулер туралы шарттарды жасайтын жағдайларды қоспағанда, тауарлар мен

қызмет көрсетулер Банк белгілеген рәсімдерге сәйкес сатып алынуға тиіс. Мұндай жағдайда Заем алушы Израиль байкотына байланысты Ислам конференциясы ұйымының ережелерін басшылыққа алып отыруы керек.

III Бап

Пайдалану, қызмет көрсету үшін ақы төлеу және төлем орны

3.01-бөлім. Пайдалану: Заем алушы заемның негізгі сомасын осы Келісімнің уақыты басталған соң, жеті (7) жыл жеңілдік кезеңін қоса, жиырма бес (25) жылдан кейін тең және бірінен соң бірі келетін отыз алты (36) жарты жылдық жарналармен, осы Келісімнің 1 (А) қосымшасына сәйкес өтеуге тиісті.

3.02-бөлім. Қызмет көрсетуге төленетін ақы:

(а) Заем алушы осы Келісімнің 1 (В) қосымшасында көрсетілген, алғашында белгіленген екі жүз елу төрт мың бес жүз тоқсан екі ислам динары (ID. 254,592) сомасындағы көрсетілген қызмет үшін ақыны Банкке төлеуге міндетті.

(б) Келісімнің тараптары арасында, осында көзделіп отырғанындай, заемның бүкіл сомасын іске асыру мерзіміне және төлеу кезеңіне сәйкес айқындалған, 3.02 (а) қосымша бөлімге қатысты көрсетілген қызмет үшін ақының алғашқы сомасы туралы уағдаластыққа қол жетті. Бұдан әрі көрсетілген қызмет үшін төлемнің іс жүзіндегі сомасы осы тұрғыда есептелген іс жүзіндегі сомасы заем сомасының жылдық 2,5 проценттен (екі жарым процентінен) аспаған жағдайда жоба орындалған соң есептелуге тиіс деп келісілді.

(с) Көрсетілген қызмет үшін төлем осы Келісімнің уақытынан бастап өсетін болады.

3.03-бөлім. Төлем орны: Негізгі соманы өтеуді қоса алғанда, барлық төлемдер мұндай төлемдерді құрайтын барлық қаражат Банктің осы мақсаты үшін көрсеткен есеп шотына аударылған соң тиісті дәрежеде жүргізілді деп есептеледі.

3.04-бөлім. 3.03-бөлімнің ережелерінің ортақтығына нұқсан келтірместен барлық төлемдер:

(а) Егер мұндай төлем АҚШ долларымен жүзеге асырылса, онда төменде аталған Банктердің бірі:

(i) N 001591.11 шот

Сауд Аравиясының Халықаралық Банкі

99, Bishopsqate, London EC 2M 3TB

Телекс: 8812261, 8812262

(ii) N B 10507 шот

Араб банктік корпорациясы

P.O.Box: 5698, Manama, Bahrain

Телекс: 9385, 943 1/2/3, 9442 ABCBAH BN

ИДБ-нің есеп шотына осындай төлем алғанын Банкке растаса;

(b) Егер мұндай төлем француз франкісімен жүзеге асырылса, онда төменде аталған Банктердің бірі:

N 96965.9.001.00

Union De Banques Arabez Et

Francaises (U.B.A.F.)

190 Avenue Charles De Gaulle

92523 Neuilly Cedex, France

Телекс: 610334 UBAFRA

(c) Егер мұндай төлем фунт стерлингпен жүзеге асырылса, онда төменде аталған Банктердің бірі:

N 708372 шот

Gulf International Bank

2-6 Canon Street

London EC 4Ministry 6 XP

Телекс: 8813326, 8812889

тиісті дәрежеде жүргізілді деп есептеледі.

IV Бап

Заемның қаражаттарын шығарып алу және
қаражаттарды пайдалану

4.01.-бөлім. Қаражаттарды шығарып алу: осы Келісім бойынша қажетті және қаржыландыруға жататын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға арналған шығыстарды жабу мақсатында, осы Келісімнің III Қосымшасына және басқа ережелеріне, жалпы ережелерге және Банктің төлем рәсімдеріне сәйкес заемның

сомасы Заем алушының шотынан шығарып алынуы мүмкін.

4.02.-бөлім. Бірінші төлем үшін өтініш берілетін уақыты: егер Келісім күшіне енген уақыттан соң 180 күннің ішінде немесе Заем алушы мен Банктің арасында келісілген одан да кеш уақытта Заем алушы Банктің қарауына бірінші төлем үшін өтініш бермесе, Банк аталған Келісімді тоқтатыны туралы Заем алушыға тиісті түрде хабарлап, оны тоқтатуы мүмкін.

4.03.-бөлім. Қорытынды уақыт: 2000 жылдың 31 желтоқсаны немесе Заем алушы мен Банктің арасында келісілген неғұрлым кешірек уақыт Жалпы ережелердің 6.03. (с)-бөлімінің мақсаттары үшін заем қаражаттарын шығарып алатын қорытынды уақыт болып саналады.

4.04.-бөлім. Заемның қаражаттарын пайдалану: Заем алушының жәрдемақы шотынан шығарып алынған барлық сомалар Банк қаржыландырылатын жобаның мақсаттары үшін ғана пайдаланылуы тиіс.

V Бап

Жобаны пайдалану

5.01.-бөлім. Заем алушы мыналарға кепілдік береді:

а) Орындаушы қолданылып келген әкімшілік, қаржылық, инженерлік және экономикалық тәжірибеге сәйкес, білікті де, тәжірибелі басшылардың және тұлғалардың қадағалауымен және инвестициялық кестеге, бюджеттерге, жоспарларға және Банктің қарауына тапсырылған және ол мақұлдаған жобаға қатысты ерекшеліктерге сәйкес лайықты ықыласпен және тиімділікпен жобаны орындауға, сол бойынша операциялар жүргізуге және орындаушы агенттік арқылы әрекет етуге;

б) Бюджеттерде, жоспарларда және жобаның ерекшеліктерінде көзделген кез келген маңызды өзгерістерді жобаның орындалуына қатысы бар тауарларды немесе қызмет көрсетулерді сатып алуға арналған кез келген шарттағы елеулі өзгерістер туралы Банк үшін қолайлы Банктің мақұлдауына ұсыныстар жасауға.

5.02.-бөлім. Әлдеқандай шектеусіз осы Келісімнің шегіндегі кез келген міндеттемелер бойынша Заем алушы пайымды кезеңнің ішінде Банктің кез келген елеулі өзгеріске түсініктеме жасауына немесе жобаны орындауға қатысы бар тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға арналған кез келген шарттың іс-әрекеті мерзімін ұзартуына мүмкіндік беруге тиісті.

VI Бап

Банк төлемі алдындағы қосымша алдын ала өтініштер

6.01.-бөлім. Заем алушы қаражаттарды шығарып алуға арналған бірінші өтінішті

берерден бұрын осы Келісімнің 2.02.-бөліміне сәйкес өзі сақтауға немесе сақтау үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиісті конкурстық саудалардың рәсімдерін айқындап, Банктің мақұлдауын алуға тиіс.

VII Бап

Ерекше ережелер

7.01.-бөлім. Заем алушы қойылған талап бойынша Банкті қанағаттандыратын жағдайлар жөніндегі барлық сомаларды, жергілікті валютаның құнын және жобаны орындауға қажетті артық шығынды қоса, жедел тапсыруға тиіс.

7.02.-бөлім. Банкпен Заем алушының арасында өзгеше уағдаластық болған жағдайларды қоспағанда, Заем алушы заемның қаражаттарымен қаржыландырылатын инженерлік-құрылыс жұмыстарына, ішкі конкурстық саудалар арқылы жүретін жобаларды орындауға арналған барлық шарттарды және халықаралық конкурстық саудалар арқылы жабдықтар сатып алуға арналған шарттарды бағамдауға және Банк тарапынан құны жүз елу мың ислам динарынан (150,000) асатын кез келген шартты Банктің мақұлдауымен бағамдауға тиісті.

7.03.-бөлім. Заем алушы өзі мақұлдаған соң Банкке жоба, оның орындалу кестесі және кейіннен материалдарға қосылатын кез келген өзгерістер жөнінде мезгіл-мезгіл Банктің сұрауы бойынша негіздемелерді, жоспарлар мен ерекшеліктерді Банкке дереу беріп отыруға тиісті.

7.04.-бөлім. Заем алушы заем қаражатының есебінен қаржыландырылатын тауарларды сәйкестендіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруы және жазба жүргізуі керек, жоба бойынша қол жеткен нәтижелерді тіркеп, бухгалтерлік есептің қалыптасқан берік тәжірибесіне сәйкес орындау агентігінің операциялары мен қаржылық жағдайын көрсетіп отыруы қажет.

7.05.-бөлім. Қарыз алушы заемға қатысы бар мақсатпен, сондай-ақ жобаның орындалуын тексеру үшін тауарларды және кез келген жазбалар мен құжаттарды Банктің тіркелген өкілдерінің тексеруіне мүмкіндік беруге тиіс; сонымен бірге Заем алушы заем қаражаттарының шығыстарына, жобаға, тауарларға, орындаушы агенттің операциялар мен қаржылық жағдайына қатысты сұрақтары туралы барлық қажетті ақпаратты беруге тиіс.

7.06.-бөлім. Заем алушы жобаны орындау және оны басқару мақсатында орындаушы агентпен келісім жасасады, сол бойынша орындаушы агент бүкіл мерзім бойынша Банкті қанағаттандырарлық түрғыда және мақсатта тиісті ережелерге сәйкес жұмыс істейді, жобаның ойдағыдай және тиімді орындалуы үшін қажетті өкілеттікті, басқару жүйесі мен органын иеленетін болады.

7.07.-бөлім. Заем алушы заем қаражаттарынан қаржыландырылатын барлық тауарларды сақтандырушының ойдағыдай сақтандыруы үшін барлық күш-жігерін

жұмсайды. Мұндай сақтандыру Заем алушының аумағында тауарларды сату және импорттау кезінде кездейсоқ пайда болатын теңіз, транзит және басқа тәуекелдік шығындарын жабатындай болуы керек, сондай-ақ мұндай сомалар қалыптасқан коммерциялық практикамен үйлестіріліп отырады. Мұндай сақтандыруды Заем алушы шетелдік валютамен сақтық төлемдерін жүргізетін компаниямен сақтандырылған жағдайда заңдарға сәйкес жүзеге асырады.

7.08.-бөлім. Заем алушы қажетті жер мен оны иеленудің барлық құқығы оған тиісті болатын жағдайдағыдай әрекет етеді және Банкке оның сұрауы бойынша мұндай жердің және оны иелену құқығының жобаның мақсаты үшін жарамды екендігін Банкке растайтын куәлікті тапсыруға тиіс.

7.09.-бөлім. Заем алушы жобаны орындауға атқарушы агенттің құқығын тапсыру үшін қажетті әрекетті жүзеге асырады және жобаның орындалуына немесе әрекет етуіне не осы Келісімнің кез келген шарттарының орындалуына бөгет жасайтындай әрекеттерді әлдекімдердің жүзеге асыруына рұқсат етпеуге тиіс.

7.10.-бөлім. Барлық Банктік құжаттарды, жазбаларды, хабарламаларды және өзге де материалдарды Банк пен Заем алушы құпия деп есептеуге тиісті.

VIII Бап

Есеп беру

8.01.-бөлім.

а) Заем алушы мен Банк заемның мақсатына қол жеткізу жолында бір-бірімен жан-жақты ынтымақтастықта болуға тиіс. Бұл үшін Заем алушы мен Банк заемның жалпы жай-күйіне қатысты ақпаратты біріне-бірі беріп тұрады. Заем алушы өз тарапынан, өзінің аумағындағы қаржылық және экономикалық жағдайларға, сондай-ақ оның төлеу балансының жай-күйіне қатысты ақпаратты береді.

б) Заем алушы мен Банк басқа тараптың сұрауы бойынша заемның мақсаттары, қызмет көрсетуді пайдалану және осы Келісімге сәйкес Заем алушының өз міндеттемелерін орындауы мәселелері бойынша өз өкілдері арқылы пікір алысып отыруға тиіс.

8.02.-бөлім. Заем алушы Банк үшін жарамды түрде және әркім үшін белгіленген мерзімде Банкке мынадай есептерді тапсыруды қамтамасыз етеді және сол үшін барлық күш-жігерін жұмсайды:

i) күнтізбелік жылдың әрбір тоқсаны аяқталған соң отыз (30) күннің ішінде немесе тараптар арасында келісілген басқа осындай кезеңнің ішінде мезгіл-мезгіл Банк айқындап отыратын сыныппен жобаның орындалуы жөніндегі есептерді;

ii) заемды пайдалануға және жобаның орындалу нәтижелеріне қатысты Банктің сұрауы мүмкін басқа да осындай есептерді;

iii) жоба аяқталған соң кешіктірмей, бірақ кез келген жағдайда жоба

аяқталған уақыттан соңғы алты айдан кешіктірмей немесе Заем алушы мен Банктің арасында белгіленуі мүмкін неғұрлым кешірек уақытта, Заем алушы жобаның орындалуы және іс-әрекеттің басталуы туралы Банктің сұраған көлемінде және соның талаптарына сай есептерді әзірлеуге және Банктің қарауына тапсыруға тиіс.

б) Осы бөлімде көрсетілген құжаттар Банктің қалауы бойынша расталуға, Банктің талаптарына сәйкестендірілуге тиіс.

IX Бап

Келісімнің күшіне енетін уақыты және оның әрекеті

9.01.-бөлім. Күшіне енуі: Осы Келісім мынадай жағдайларда күшіне ене алмайды:

(А) (1) Банк үшін қолайлы куәлік тапсырылмаса және осы Келісімнің орындалуы және ресми ұсынылуы Заем алушының атынан тиісті дәрежеде өкілеттендірілмесе немесе барлық қажетті үкімет актілерімен бекітілмесе;

(2) Заем туралы Келісімнің өкілеттендірілгенін және Заем алушының атынан тиісті дәрежеде расталғанын жариялайтын үкіметтік заң агенттігінен шығатын Банк үшін қолайлы заң жүзіндегі тұжырымдаманы Заем алушы тапсырмаса. Декларацияда Келісімнің, оның ережелеріне сәйкес, заем алушының заңды міндеттемесі болып табылатыны көрсетілуге тиіс.

(В) Заем туралы, сондай-ақ Ұлттық Банк немесе ақы төленетін уақытта Ұлттық Банктің функцияларын орындайтын институт жүргізуге тиісті, көрсеткен қызмет үшін бөлшектеп еңгізілетін ақы туралы осы Келісім бойынша Ұлттық Банкке немесе Үкіметтік төлемдер туралы аталған Банкке арналған нұсқаулықты ұстап отырған Ұлттық Банктің функцияларын орындайтын институтқа Қаржы министрлігі немесе кез келген басқа тиісті

дәрежеде өкілеттік берілген Үкімет органы өкілеттіктер туралы сертификатты бере алмаса. Ұлттық Банктің немесе Ұлттық Банктің функцияларын орындайтын институттың растамасымен бірге, Өкілеттіктер туралы аталған сертификаттың алынғаны және оның нұсқаулығы сақталып отырғаны жөніндегі Өкілеттіктер туралы бұл сертификаттың көшірмесін Үкімет Банкке

жіберуге тиіс.

Х Бап

Егер шарт күшіне енбесе,
шарттың күшінің тоқталуы

Егер Келісім 1998 жылдың 30 маусымына дейін күшіне енбесе, онда Келісім және ол бойынша тараптардың барлық міндеттемелері Банк кешіктірілулердің барлық себептерін қарастырғаннан кейін осы баптың мақсаттары үшін ең кеш уақытын белгілегенге дейін аяқталуы керек. Банк тез арада Заем алушыға осындай ең кеш уақыт туралы хабарлауы керек.

ХІ Бап

Басқа шарттар

11.01.-бөлім. Уәкілетті өкілдер:

Заем алушының Денсаулық сақтау министрі және 10.03.-бөлімнің Жалпы ережелер мақсаттары үшін Заем алушының уәкілетті өкілдері ретінде жазбаша түрде тағайындалған осындай тұлға немесе тұлғалар.

11.02.-бөлім. Келісімнің уақыты. Осы Келісімнің уақыты оның кіріспесінде көрсетілген.

11.03.-бөлім. Мекен-жайы. Төмендегі мекен-жайлар 10.01.-бөлімнің Жалпы ережелер мақсаттары үшін көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі

Ислам Даму Банкі үшін:

P.O.Box 5925

Джидда 21432

Сауд Аравиясының Королевствосы

телекс: 601137 ISDB SJ

телеграмма: BANKISLAMI JEDDAH

телефакс: 6366871 JEDDAH

Өздерінің уәкілетті өкілдері арқылы әрекет ететін Банк пен заем алушы Заем туралы Келісімді ағылшын тілінде жоғарыда көрсетілген уақытқа қол қойғандығы туралы куәландырамын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін және оның атынан:

Ислам Даму банкі үшін және оның атынан : _____

№№I(A)-Қосымша

Негізгі соманың төлемдері

ЕЛ: Қазақстан Республикасы

Жоба: Сызғанов атындағы Хирургия Ғылыми Орталығы және Балаларды
Сауықтыру Орталығы

Заем сомасы: 5, 100,000 ислам динары

Заем мерзімі: 25 жыл

Жеңілдік мерзімі: 7 жыл

Қызмет көрсетуге төленетін ақы: 254,592 ислам динары

N	Уақыты	Негізгі сома (ID)

-

1	141,667
2	141,667
3	141,667
4	141,667
5	141,667
6	141,667
7	141,667
8	141,667
9	141,667
10	141,667
11	141,667
12	141,667
13	141,667
14	141,667
15	141,667
16	141,667
17	141,667
18	141,667

19	141,667
20	141,667
21	141,667
22	141,667
23	141,667
24	141,667
25	141,667
26	141,667
27	141,667
28	141,667
29	141,667
30	141,667
31	141,667
32	141,667
33	141,667
34	141,667
35	141,667
36	141,667

Барлығы: 5,100,000

I(B)-Қосымша

Қызмет көрсетуге төленетін ақы

ЕЛ: Қазақстан Республикасы

Жоба: Сызғанов атындағы Хирургия Ғылыми Орталығы және Балаларды

Сауықтыру Орталығы

Заем сомасы: 5, 100,000 ислам динары

Заем мерзімі: 25 жыл

Жеңілдік мерзімі: 7 жыл

Қызмет көрсетуге төленетін ақы: 254,592 ислам динары

N	Уақыты	Негізгі сома (ID)

-	
1	5,092.00
2	5,092.00
3	25,459.00
4	25,459.00
5	25,459.00
6	14,257.00
7	14,257.00
8	14,257.00
9	14,257.00
10	14,257.00
11	14,257.00
12	14,257.00
13	14,257.00
14	14,257.00
15	14,257.00
16	14,257.00

Барлығы: 254,592.000

II-Қосымша

Жобаның сипаттамасы

Жоба мынадай екі қосымша-жобадан тұрады:

1.- Сызғанов атындағы хирургия ғылыми орталығы

Осы жобаның мақсаты Қазақстанда Алматы қаласында орналасқан Сызғанов атындағы Хирургия Орталығын қалпына келтіру және жабдықтау болып табылады. Орталық жүрек, бүйрек, бауыр және өкпе ауруымен ауыратындарға аурулар үшін шетелдерде емделудің қажеттігінсіз халықаралық стандарттарға сәйкес емдеу бойынша барлық қызметтер көрсетеді. Неғұрлым жетілдірілген жабдықтар көрші елдерден қарымды ауруларды тартуы керек. Бұдан басқа, жобаны аяқтау мынадай мақсаттардың орындалуына септігін тигізеді:

(1) Орталықтың елдегі жүрек-қан тамыры ауруларын, бүйрек, бауыр және т.б.

ауруларын емдеу үшін жағдайды қамтамасыз етуші болып табылуына.

(2) Медициналық мекемелер студенттерінің және денсаулық сақтау секторында жұмыс істейтін докторларға, сондай-ақ басқа медицина қызметкерлеріне жүрек, бүйрек және бауыр ауруларының мәселелері жөнінде оқуын өткізуге.

(3) Аспиранттың медициналық білім беруді, жүрек, бүйрек және бауыр аурулары саласында оқытуды және зерттеуді қамтамасыз етуге.

2.- Балаларды оңалту орталығы

Жобаның мақсаты - Қазақстанда Алматы қаласында екі жүз орынды Балаларды Сауықтыру Орталығын құру болып табылады. Бұл Орталық жетім балалардың және радиацияға ұшыраған дамуы үшін қолайсыз жағдайларда орналасқан немесе Қазақстанның экологиялық апат аймағынан келген басқа да балалардың денсаулығын жақсартуға септігін тигізуі керек. Орталық емдеу кезеңін өтіп жатқан балаларды ертіп жүретін

немесе 3-7 жастағы балалардың ата-аналары үшін қосымша 40 орын беруді жоспарлап отыр. Орталықтың алаңы шамамен 20 гектар құрайды, орталық үйінің жалпы мөлшері - 22357 кв.м., ал жылына бір бала үшін 18 күндік қалпына келтіру кезеңімен 3,800 баланы емдеу күтіледі.

III-Қосымша

Сызғанов атындағы хирургия ғылыми орталығы
және балаларды оңалту орталығы

Заем қаражаттарын шығарып алу

5,100,000 ислам динары мөлшеріндегі (шамамен 7,000,000 АҚШ долларына тең АДБ заемы мынадай мақсаттарға қолданылуы керек:

А-Сызғанов атындағы Хирургия Ғылыми Орталығы үшін

АҚШ доллары

1-Инженерлік-техникалық жұмыстар	3,900,000
2-Бақылау/PIU	100,000

3-Құтқару жабдықтары	2,000,000
----------------------	-----------

Жиыны:	6,000,000
--------	-----------

В-Балаларды Оңалту Орталығы үшін

Медициналық жабдықтар	1,000,000
-----------------------	-----------

Барлығы:	7,000,000
----------	-----------

Ескерту: Жоғарыда белгіленген сомалар шамамен есептелді. Әрбір бапқа бөлінуі керек дәл сомалар Мердігердің жұмысы аяқталған соң анықталады.

Оқығандар:

Омарбекова А.

Нарбаев Е.